

АЛМАҒАЙЫП ӘЛЕМ:



ЖАҒАНДАНУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАҚ

ТӨРТІНШІ РЕТ ӨТКІЗІЛІП ОТЫРҒАН ЕУРАЗИЯЛЫҚ  
МЕДИА-ФОРУМ ӨЗ ЖҰМЫСЫН АЯҚТАДЫ

Былғы басқосуға тек осы алып құрлықтан ғана емес, күллі ғаламшардың түкпір-түкпірінен 500-ге тарта өкілдер қатысқандығын ескерсек, сөз жоқ, бұл форум әлемдік ақпарат кеңістігіндегі айтулы оқиғаға айналды.

Біз күрделі де мазасыз дүниеде өмір сүріп отырмыз. Тіпті қазіргі алмағайып әлемде жаһандық қауіпсіздік проблемасы алғашқы орынға шықты. Өткен жылдың аяғында Азияның оңтүстік-шығысында жүріп өткен цунами апаты Жер-ана бүкіл адамзаттың ортақ үйі екендігін, оның кез келген уақытта ашуына мініп, «құдайдың құлдарын» сабасына түсіре алатын құдіреті бар екендігін дәлелдеген болатын. Санаулы-ақ сағаттарда 200 мыңнан астам адамды жалмап кеткен осы қайғылы оқиғаға куә болып, қалам тербеген журналистер қасірет шеккен адамдардың күйзелісін қолдан келгенше нақтырақ көрсетті. Одан қалса, бүкіл адамзатқа қауіп-қатер төндіріп отырған лаңкестік, экстремизм және сепаратизм белсенділігі бұдан былайғы жерде де өте шетін әрі күрделі күйінде қала беретіндігі баршаға белгілі жайт. Айта кетейік, лаңкестікке байланысты ой-пікірдің күрт күш алуы 2001 жылғы АҚШ-тағы Бүкілдүниежүзілік Сауда орталығына жасаған сойқан әрекетінен кейін бастау алған болатын.

Алайда, осы оқиғалар жайында әлемнің түкпір-түкпіріне хабар таратқан жаһанның жетекші ақпарат құралдары қаншалық шыншыл бола алды? Ақпарат таратудың қандай технологиясы мен идеологиясын ұстанды? Тікелей эфирден қайғылы оқиғаны тереңдетуде БАҚ қандай жауапкершілікті өз мойнына алуы керек? Лаңкестердің әрекетіне байланысты бейбіт тұрғындарды, балаларды кепілдікке алған қылмыскерлердің телеарналардан өз үкіметіне саяси талаптар қоюын көрсетудің залалы қандай болмақ? Шектен шыққан өшпенділік пен зорлық-зомбылықтың өршуін басуда ақпарат құралдарына қандай міндеттер жүктеледі? Міне, Еуразиялық Медиа-форумының алғашқы басқосудан бастап бастаған-ақ осындай мәселелер төңірегінде, атап айтқанда, болған оқиғаның шығу түбіріне үңілу, астарын байыптау тұрғысында тікелей пікірталасқа барды. Әсіресе, тележурналистер сенсациялық кадрлар мен сюжеттер іздеу барысында адам өмірушілердің насихатшысына айналып кеткен жоқпыз ба деген сауалға жан-жақты жауаптар ізделді.

Форумның тағы бір ерекшелігі, осы уақытқа дейін біз үшін беймәлім болып келген араб дүниесіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының тыныс-тіршілігі туралы мағлұмат алуға мүмкіндіктің туғандығы, осы орайда, өзінің шыншыл, нақты еділетті хабарларымен әлем көрермендерінің жүрегіне жаулап алып жатқан катарлық «Әл-Жазира» телеарнасының басқарушы директоры Найджел Персонстың, тосын да ұшқыр ойларымен талай шешенді тығырыққа тіреген, осы телеарнаның Мәскеу бюросының шеф-редакторы Әхрам Хазамның, сонымен бірге ымырасыз бәсекеге толы әлемдік ақпарат кеңістігінен лайықты орын ала білген Біріккен Араб Әмірліктеріндегі «Әл-Арабия» телеарнасының Бас редакторы Әмбар Баққардың Шығыс пен Батысты жақындастыруға бағытталған қонымды ой-пікірлері жиналған қауымды бей-жай қалдырмағаны анық. Айтамыз, біз бәсеке деген сөзді бақару ауызға алған жоқпыз. Өйткені, ислам тақырыбы, яғни Таяу Шығыс түйіні, Ирактағы жағдай, түрлі лаңкестік іс-әрекеттер көкейкесті мәселеге айналып, талай жылдардан бері күрмеуі шешілмей отыр. Оның үстіне батыстық ақпарат құралдарының шындықты сол шырғалдаған қалпында жеткізбеуі, ең сорақшысы, кейде ақиқатты бұрмалап өздерінің саяси-идеологиялық мүддесі тұрғысынан беруі тәл ақпаратқа деген суранысты күшейтті. Біз сөз еткен «Әл-Жазира» мен «Әл-Арабияның» жылдыздай жарқырап көрінуінің басты себебі осында болса керек. Қазірдің өзінде көрермендерінің ыстық ықыласына бөленіп үлгерген «Әл-Жазира», қонақтардың айтуынша, енді ағылшын тілінде хабар таратуды қолға алыпты. Мұның өзі Батыстағы миллиардтардың ақпарат таңдауына мол мүмкіндік туғызатындығында сөз жоқ.

Соңғы уақытта посткеңестік кеңістікте жүзеге асып жатқан төңкерістерді гүлдердің түсіне теңеп жүр. Мысалы, Грузиядағы төңкерісті роза гүлге теңесе, Украинадағы толқуларды сары түсті гүлге балайды. Оның себебі неде? Түп-төрткі әлеуметтік түйткілдерге барып тірелетін саяси тартыс пен азаматтық текетіреттерді түйткілді күрделі мәселеде ақпарат құралдары жауапкершілік үдесінен шыға алып жүр ме? Керек десеніз, таяуда ғана көрші ырығыз елін есеңгіретіп өткен дүрбелеңді туғызған да осы әлеуметтік өлімжеттік жағдай. Жиында басқосқандар осы сауал төңірегінде де өз ойларын ашық айтып, жауап іздеді.

Алқалы басқосудың шешені біз сөз еткен мәселелермен ғана шектелді десек шындыққа жанаспайды. Адамзат ықпалы замандардан бері Шығыс пен Батысты жақындастырудың сан түрлі жолдарын іздеген. Бұдан былай да іздейді. Алматыда өткен бұл IV Еуразиялық Медиа-форум да кейбір кемшіліктеріне қарамастан осындай сауапты да салықалы мүддені көздегенін атап өту керек.

Болат ШАРАХЫМБАЙ, «Қазақ әдебиеті».

ПІКІР

Сураған РАХМЕТ,

Моңғолия қазақ қаламгерлері кеңесінің төрағасы:

— Мен екі нәрсеге назар аударғым келеді. Біріншісі — Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастаған-ақ тек мемлекеттік тілде сөйледі. Жиналған көпшілік те, Медиа-форумды ұйымдастырушылар да тап осындай болады деп күтпеген болуы керек. Неге десеніз, Елбасы қазақша кәсіпке сөйлеп жатқанда не орысша, не ағылшынша синхронды аударма жасалмады. Болашақта осыдан нәтиже шығарса нұр үстіне нұр. Екіншісі — Елбасының осы бастамасы бұдан былай көпке үлгі болады деп ойлаймын. Көр де тұрыңыз, енді он жылдан кейінгі Медиа-форумда басқосқандар қазақша сөйлейтін болады. Себебі, Қазақстанда кәсібін өркендетуге шетелдіктердің қай-жайысы да мүдделі. Ал олардың тіл үйренуге бейім келетіні бәсеңден белгілі. Яғни олардың мүддесі экономикалық жағдайға байланысты. Қалай болғанда да олар мемлекеттік тілді үйренуге мәжбүр. Мен осыған сенемін.


Жақыпжан НҮРҒОЖАЕВ,

«Жетісу» газетінің бас редакторы:

— Форумға төртінші рет қатысып отырмын. Менің байқағаным — жылдан жылға қанатын кең жайып келе жатқан бұл басқосудың журналистерге берер пайдасы зор. Жиынға тәуелсіз және еркін ақпарат құралдарының көптеген беделді өкілдері қатысты. Олардың бір-бірінен үйренері де, үлгі алар тұстары да мол. Соған соң Батыс пен Шығысты жақындастыруда БАҚ-тың ролі үлкен екені бәсеңден белгілі. Алайда, ақпарат кеңістігіндегі бәсеңестікке көбінесе батыстық, баспасөздің басым түсіп жататыны бар. Осы жайт тіпті форумның өзінде анық байқалды. Батыс идеологиясының мүддесін жақтайтын журналистер ығы да «шабуылда» болып, Шығыс баспасөзінің өкілдері «қорғаныста» тұрды. Осының өзі көп нәрсеге көзімізді жеткізді.

ЕЛБАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ — ХАЛҚЫМЫЗДЫ ҚОЛДАУЫ

Кез келген атауда сиқыр күш бар деседі. Сондай сиқыр сырлы күшті Тәуелсіз Қазақстан елі басынан қандай жағдай өтіп жатса да ұлттық саясатта адамгершілік жолынан ауған емес. Бірлесі отырып еркін экономика мен еркін өмір жасақтау жолында алға жылжуға елімізде қажетті берік негіз қаланғаны хақ. Ендеше, Қазақстанның көп этносты қоғамды топтастырудағы оң бағытынан өзгенің алатын, үйренетін факторлары бар. Қазақстан діни наным, нәсілдік, этникалық тұрғыдан адам құқығының сақталуы жөнінен әлемдегі жетекші елдердің



Асылы Әлиқызы ОСМАН, филология ғылымдарының кандидаты, «Мемлекеттік тілге — құрмет» бірлестігінің төрайымы, Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі

өзіне үлгі болатыны анық.

Ал, біздің өзге елдерден алатын үлгі-өнегелер де бар. Әсіресе, Қазақстан үшін Мемлекеттік тілді қолдану мәселесі жөнінен өзге елдерден өнеге алғаны жөн болар еді. Барлық мемлекеттерде Мемлекеттік тіл — топтастырушы факторлардың бірі болып келеді емес пе. Оның насихатталуы, қолданылу дәрежесі жоғары. Көптеген елдерде тіпті өркениетті мемлекеттерде Мемлекеттік тілді меңгеру, қорғау, құрметтеу заңдарда да, қоғамдық-саяси өмірде де талап етіледі.

ТІЛ ОРТАҚ БОЛМАЙ  
ҚОҒАМ ТОПТАСПАЙДЫ

Олай болса, еліміз үшін маңызы зор топтастырушы фактор болып табылатын Мемлекеттік тілді қадірлеу, құрметтеу, қолдану, қорғау жөнінде өзге елдерден үлгі алуы керек. Бұл қазір Қазақстан жұртшылығын айрықша алаңдатып отыр, бүгінгі таңда өткір мәселеге айналған. Бұл мәселе шешілмесе елде көп этносты қоғамды топтастыру мүмкін болмай, болашақта шиеленіске, ыдырауға бастауы мүмкін. Осындай қауіпті ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев көрегендікпен болжай біліп, Қазақстан халқына арнаған былғы Жолдауындағы: "Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі — еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек" деген көрсетуі бекер емес. Демек, біздің ел өзге елдердің өнегесі бойынша Мемлекеттік тілін құрметтеу, қорғау, жетілдіру және барлық Мемлекеттік жұмыстарды Мемлекеттік тіл — қазақ тілінде жүргізу жөнінде заңдар шығарып, оны батыл әрі шұғыл жүзеге асыруы тиіс. Елде көп этносты қоғамды топтастыруға қарсы күштер, Мемлекеттік тіл — қазақ тіліне қарсы әрекет етіп, тіпті, мемлекет басшыларына дейін Мемлекеттік тілді қызметінде қолдануға іс жүзінде қарсы әрекет етіп келе жатқаны ашық шындық. Соның бір мысалы, Қазақстан Парламентінің депутаттарының қазақ тілін білу жөніндегі ұсынысты қабылдамауы. Яғни Парламенттің қазақ тіліне қызықпауы. Соның бір мысалы, Қазақстан Парламентінің депутаттарының қазақ тілін білу жөніндегі ұсынысты қабылдамауы. Яғни Парламенттің қазақ тіліне қызмет жасамауы. Сондықтан әсіресе, басқару саласында қазақ тілі шетқалай қалып жүр. Қазақ тілді қауымның ақпарат алу, шағым жасау мүмкіндіктері өрескел шектеліп келеді. Қазақстанда көптеген насихат құралдарында қызмет етуге, білім беруге қазақ тілінде қуаты жетпейді деген пікір санаға сіңірілуде. Шын мәнінде қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің бірі. Қазақ халқы өзінің менталитеті жағынан көп этносты қоғамды топтастыруға бейім тарихи мәдениеті бай ұлт. Кем дегенде үш мың жылдық тарихы бар халықтың тілі — сыйлауға, құрметтеуге лайық.

Қазақстанды ұлтаралық шиеленістерден, дау-дамайдан аман алып келе жатуы — қазақ халқының жаппы адам баласын жатсынбайтын қасиетінің арқасы. Қазақтың ұлы ойшылы, ақыны Абайдың "әкеңнің баласы болма, адамның баласы бол" деген есиеті қазақ халқының табиғи ұстанымын ұқтырса керек. Осындай ғажайып кемеңгерлік ұстанымға қазақтар өз елінде ұлтаралық татулыққа, көп этностың топтасып өмір сүруіне қолайлы мүмкіндіктер туғызып келеді. Сонымен қатар Қазақстан Тәуелсіздік алған кезде осынау ұлағатты бойына сіңірген Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев егемендік алғаннан бері қазақ халқының тұтастығына, ұстанымына сай көп этносты тату өмір сүру саясатын табанды түрде жүргізіп келе жатқаны өлемге аян. Сондықтан да Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев салиқалы да салмақты, пайымды да парасатты, ұстамды феномен, уникал деп бағалауға толық лайық тұлға. Өйткені мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев бөліп-жармай, күллі қазақстандықты тең құқықта өмір сүруге жағдай жасап, бар күш-жігерін Қазақстандағы саяси тұрақтылықты сақтауға, азаматтық қауымдастыққа жұмылдыруға, қоғамды топтастыруға жұмсап келеді. Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын ұсынып, негізгі бағыттарды кешеуілдетпей қабылдап, еліміздің нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, жақсылыққа бет алып, жаңалыққа жол түзеп, демократиялық жүйеміз Қазақстан қоғамы дамып келеді. Ең демократиялық шешім халықтың өзінің еркі екендігін де айтып, елді шатастырмай, Қазақстанды әлемдік ауқымға үйлестіріп, алға жылжытуда.

1990 жылдардың бас кезінде КСРО империясы құлаған соң, темір қақпа ашылып, көптеген азаматтар тарихи Отанына көше бастады. Оларды ешкім қуалаған жоқ. Әркім өз жүрек қауымымен ата-баба жеріне қайтты. 1993 жылы Қазақстаннан 170 мың орыс, 32 мың украин, 88 мың неміс өз Отандарына қоныс аударды.

Басқа ұлыстар да едәуір қозғалысқа түсті. Оған қазақстандық қауым табиғи құбылыс деп қарады. Өйткені бұрын Бресттен Камчаткаға дейін еркін, алаңсыз жүре алатын болсақ, енді әр елдің өз кедені, шекарасы болатыны заңды. Содан тарихи Отанымызға жетіп алайық деген алаңдаушылық талай-талай отбасыларды үйренген ортадан, жылы қонысынан жыраққа көшуге мәжбүрледі. Сөйтіп Кеңес заманында 17 миллионға жеткен қазақстандықтардың саны 14 миллионға кемді. Бұл заңды құбылыс екенін сергек ойлы адамдар түсінді. Қазақстан үкіметі келушілерге де, кетушілерге де түсіністікпен қарады. Оған миграция жөніндегі сол кездегі де, бүгінгі де заңдар дәлел. Қазақстан кетушілерді қиыннан қиыстырылған шарттармен тастауламады. Кезінде арып-ашып келгендер ежелгі ұғыммен айтсақ, мінген түйе, жетегінде бие, ұрпағы шаңырағының ақы-пұлнына ие болып аттанып жатты. Қазақстанға келем деушілерге де қысастық болмады. Қазақстан кеден, ең күрделі де маңызды мәселе шекара, миграция, азаматтық секілді проблемаларды әр кезеңдегі жағдайға орайластырып, қажет болса тез арада заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы реттеп отырды. Қазақстан бүгін Қытаймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Түркіменстанмен, ең соңында Ресеймен өз шекарасын түбегейлі түрде белгілеп, ресми құжаттармен бекітіп болды. Бұл дегеніңіз, болашақта жер үшін айтысып-шабысудан елді құтқару деген сөз.

Қазақстанда "Тіл туралы" заң Кеңес өкіметі тұсында 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданды. Онда қазақ тілі Мемлекеттік тіл болып жарияланды. Сол заңда аз санды этностардың жинақы қоныстанған мекендерінде олардың тілінде іс қағазын жүргізуге, яғни Мемлекеттік тілмен тең жағдайда қолданылуына болуына мүмкіндік берілген. Ал, орыс тіліне ешқандай заңнамалық қысастық болған емес. 1997 жылы жаңа Конституцияға сәйкестендірілген "Тіл туралы" заңда қазақ тілі Мемлекеттік тіл болып беріп тұжырымдалды. Орыс тіліне ресми тіл санатындағы мәртебесі бекітілді. Демек, қазақ тілі мен орыс тілі қай салада болсын, қатар тең қолданылатын болды. Мұның өзі мемлекеттік органдарда қызмет ететіндер қазақша, орысша бірдей білуге тиіс деген талапты ұқтырса керек. Алайда, Қазақстанда Парламент, Үкімет, банктер өзге де мемлекеттік басқару орындары сөз жүзінде болмаса, іс жүзінде Мемлекеттік тілде жұмыс істемейді. Өркениетті елдердегідей Қазақстанда бұл мәселе шешілсе, ел дамуы күшті қарқын алатыны сөзсіз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздігіміздің елең-алаңында идея көтеріп, елімізді мекендейтін түрлі этностардың әркім өз үнін естіру жолдарына да қарастырды. Сөйтіп 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы Елбасының Жарлығы шықты. Кейін 24 наурызда Ассамблеяның бірінші сессиясы өтті де, Қазақстан халықтары Ассамблеясы дүниеге келді. Бұл — еліміздің сол кездегі ең басты оқиғасы болды. Сол жылдары бірқатар елдерде ұлтаралық қақтығыстар орын алып жатты. Сол кезеңдерде бізге тұрақтылық сақтау да, ертенгі күнімізге, жарқын болашағымызға сеніммен қарауға да аталған қоғамдық институт аса қажет болды. Оның қоғамнан алар орны ерекше. Ассамблеяның ұлтаралық келісім мен татулықты нығайтуда атқаратын қызметі де айрықша зор. Мемлекет басшысының

көрегендігінің арқасында алғашқы ең қиын жылдары шешімін күткен қыруар проблемалардың арасынан ұлттар ынтымақтастығын даралап, ҚХА-ны құрғаны еліміздегі ұлт саясатының әуел бастан дұрыс жолға түскенін, кейін берік қалыптасқанын айғақтап тұр.

Сондай-ақ, елімізді мекендейтін түрлі этностар арасында достық пен бірлікті, татулық пен ынтымақты арттыруда үлкен істердің ұйытқысына айналды. Оның тұрақтылыққа қосқан үлесі ұлған-теңіз. Осы орайда қазақтың бір даналық сөзіне және тоқталсам деймін. Баяғыда бір қария жаңа түскен келіннің ақыл-ойын, пайымын сынау үшін былай депті: "Шырағым, келінжан, осы қазір ғана құлағыма бақ (бақыт) сыбыр етті. Кетемін дейді. Не істейміз?". Сонда келін: "Ата бақ кетем десе, кете берсін, бақ мәңгілік емес. Құдай ынтымағымызды алмасын, бақ бұл үйге өзінен өзі келеді" депті. Бүгін Қазақстан бір кездегі Кеңес мемлекетінің құрамында болған республикалардан тіпті, Ресейдің өзінен озып отырғаны, сірә, Қазақстандағы ұлт мәселесінің, ашып айтқанда, барша ұлыстардың еш қағажу көрмей, ізгілік жолында тату-тәтті өмір сүріп келе жатқандығының жемісі.

Мұнда бір ғана өтпеген-ай бар. Елімізде Парламент Мемлекеттік тілде жұмыс атқаруға бейім бола қоймағандықтан ҚХА-да орыс тілінде қызмет етуде, ҚХА-ның болашағы берік болсын десек, ол тек қазақ тілінде жұмыс істеуге бейімделген жөн.

Қазақстанда дін мәселесі, елді демократияландыру, сөз бостандығы секілді мәселелер де дұрыс шешімін табуда. 2003 жылы Астанада Дәстүрлі діндердің дүниежүзілік Форумының өтуінің өзі көп нәрсені аңғартады. Қазақстанда оқу, білімпаз атану, өнерге талпыну, бизнеспен айналысу, белгілі бір билік орнына бару жөнінде еш проблема жоқ. Проблема — тек жеке адамдардың өзара қатынастары деңгейінен жоғарылаған емес. Қазақстан жаңа үрдіс, тың құбылыс жағдайында дамып келеді. Жалпыұлттық мақсат-мүдде бүгінгі бір ұлттық көп ұлыстық қоғамды, яғни елдің төл халқы қазақ ұлтының төңірегіне топтастырудың негізгі факторы Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың былғы Жолдауында атап көрсеткеніндей, қазақ тілін дамыту, яғни жаппай Мемлекеттік тіл ретінде қолдану екендігін бір баяндама аясында толық, жан-жақты сипаттап шығу, жеткізу мүмкін емес.

Қазақстан өз елінде өз тілінен, өз табиғатынан алыстап бара жатуының басты себебі де қазақ тілін — Мемлекеттік тіл дәрежесінде пайдалана алмаудан. Сондықтан кезінде барша халық орыс тілін қалай үйренсе, бүгін өзмізді төңірегіміз халыққа да сыймен қарап, оның Мемлекеттік тілін өз ортасындағы дәнекер тілге, біріктіруші дос-жар адамдардың тіліне айналдыру өз жеріне, өз жүрегіне өзге ұлт пен ұлыстар азаматтарының парызы деп білем. Сыйластық қашан да екі тараптан бірдей болғанда баянды болмақ.

Дәуір мен қоғамның құбылысына сай көп этностың адамдары қамқор ел ретінде дамып келе жатқан Қазақстан халқы бұдан әрі Мемлекеттік тілі — қазақ тілінің төңірегінде топтасуы қажет екендігін уақыт көрсетіп отыр. Қоғамымыздың ішкі саяси тұрақтылығы мен ұлтаралық бірлігін одан әрі нығайтамыз десек, қазақ тілін өмірдің барлық саласында қолдануға бет бұру керек. Қазақстанның ішкі саяси тұрақтылығының қазақ тілінде екендігін ұққанымыз абзал.

Бірлік — қоғам мен әрбір қазақстандықтың игілігі, азаматтық қауымдастыққа жұмылдыратын фактор. Сондықтан Қазақстан өзінің Мемлекеттік тілімен өмір сүріп, өзге ұлттармен татулықта тірлік етуі тарихи еділдік болар еді. Міне, Қазақстанда көп этносты топтастырудың ең басты шарты осы деп білемін.